

wardell-armstrong.com

ENERGY AND CLIMATE CHANGE
ENVIRONMENT AND SUSTAINABILITY
INFRASTRUCTURE AND UTILITIES
LAND AND PROPERTY
MINING AND MINERAL PROCESSING
MINERAL ESTATES
WASTE RESOURCE MANAGEMENT



ҚЫЗЫЛ ЖОБАСЫ

МУДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2016 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН

your earth our world



ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ: 2016 жылғы қазан
ЖОБАНЫҢ НӨМІРІ: KZ10061
НҰСҚАСЫ V2.0
ЕСЕП НӨМІРІ: MM1030
МӘРТЕБЕСІ: ТҮПКІЛІКТІ НҰСҚАСЫ

Қызыл жобасы

ҚЫЗЫЛ ЖОБАСЫ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2016 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАНЖ.

ҚҰРАСТЫРҒАН:

Эдвард Глаксманн

Экология және социология саласындағы аға маман

БЕКІТТІ:

Дэйв Бригналл

Өңірлік директор

Бұл есепті WAI компаниясы Тапсырыс берушімен жасалған шарт талаптарына сәйкес кәсібилікпен, адал және мұқияттылықпен дайындады. Есеп құпия болып табылады және Тапсырыс берушіге ғана арналған WAI оларға осы есептің мазмұны белгілі болуы мүмкін үшінші тараптардың алдында қандай да бір жауапкершілік атқармайды. WAI алдына-ала жазбаша келісімінсіз барлық құжаттың немесе оның бір бөлігін іске қосуға тыйым салынады.



МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 1 |
| 1 КІРІСПЕ..... | 2 |
| 1.1 Байланысушы тұлғалар..... | 3 |
| 1.2 Жобаның тарихы және анықтамалар..... | 3 |
| 2 САЯСАТ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚТЫҢ СӘЙКЕС ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАСЫ..... | 5 |
| 2.1 Қазақстан Республикасының Заңнамасы..... | 5 |
| 2.2 Жергілікті тұрғындарға қатысты ПМ саясаты..... | 6 |
| 2.3 Халықаралық стандарттар..... | 7 |
| 3 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН БҰРЫНҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛҒА ШОЛУ | 8 |
| 3.1 Ашылуға жататын ақпараттар | 8 |
| 3.2 Бүгінгі күні мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша өткізілетін шаралар | 8 |
| 3.3 Мүдделі тараптардың негізгі проблемалары | 12 |
| 4 ӘЛЕУМЕТТІК ИНВИСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК .. | 14 |
| 5 ЖОБАНЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫ..... | 16 |
| 6 ЕҚДБ ҮШІН АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ | 18 |
| 6.1 Құрылыс және пайдалану кезіндегі өзара әрекеттестік | 19 |
| 6.2 Ақпаратты ашу..... | 20 |
| 6.3 Пайдаланудан шығару және жою кезіндегі өзара әрекеттестік | 22 |
| 7 ШАҒЫМДАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАСТЫРУ МЕХАНИЗМІ | 23 |
| 8 МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ..... | 26 |
| 9 ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУ | 27 |
| 10 ШТАТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР | 28 |

КЕСТЕЛЕР

| | |
|---|----|
| кес. 4.1: Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша өткізілетін шаралар және кеңестік шаралар..... | 9 |
| кес. 4.2: Мүдделі тараптардың Жобаны меңгеруге қатысты негізгі алаңдаушылықтары..... | 13 |

А-ҚОСЫМША жұртшылықпен ЭӘӘБ алдын ала есебі жөнінде кеңесу - 2015 желтоқсан

ҚЫСҚАРТУЛАР

«Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорын» ЖШС (БТӨК)
Еуропа Қайта құру және Даму банкі (ЕҚДБ)
Еуропа Қайта құру және Даму банкінің іске асыруға қойылатын талаптары (ЕҚДБ ІТ)
Экологиялық және әлеуметтік әсер етуді бағалау (ЭӘӘБ)
Қаржы институттары экваторы қағидалары (ҚИЭҚ)
Технико-экономикалық негіздеме (ТЭН)
Халықаралық қаржылық корпорация (ХҚК)
Халықаралық қаржылық корпорацияның қызмет стандарттары (ХҚК ҚС)
Өзара түсіністік меморандумы (ӨТМ)
Үкіметтік емес ұйым (ҮЕМ)
Қазақстан Республикасы (ҚР)
Wardell Armstrong International (WAI)

1 КІРІСПЕ

«Полиметалл» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «ПМ») тапсырысы бойынша Wardell Armstrong International (бұдан әрі мәтін бойынша «WAI») мамандары Шығыс Қазақстан облысы Әуезов ауылында орналасқан Қызыл алтын кені жобасының (бұдан әрі мәтін бойынша «Жоба») экологиялық және әлеуметтік әсерін бағалауды орындады. ЭЭӘБ жөніндегі есеп және есепке ілестірілген техникалық емес сипаттағы түйіндеме 2015 жылдың желтоқсанында жарияланды.

ПМ қаржыландыруды сұрап Еуропа Қайта құру және Даму банкіне («ЕҚДБ») жүгінді. Жобаны ЕҚДБ және ПМ өкілдері талқылағаннан кейін қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі есеп жасалды. Есепті жасау мақсаты - ЭЭӘБ-ды және Жоба бойынша басқа да экологиялық және әлеуметтік құжаттаманы ЕҚДБ экологиялық және әлеуметтік талаптарына сәйкестендіру. Бұл талаптар ЕҚДБ-нің 2014 жылдың мамырында қабылданған экологиялық және әлеуметтік саясатының бөлігін құрайтын жобаларды іске асыруға қойылатын ЕҚДБ талаптары ретінде белгілі.

Аталмыш мәнмәтінде ЭЭӘБ бойынша есеп негізгі құжат ретінде, ал Қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі есеп, тиісті тараулардағы ЭЭӘБ бойынша есепке сілтемесі бар қосымша ақпарат ретінде қарастырылуы тиіс. Осы есеп ЭЭӘБ жөніндегі есеппен және оған ілестірілген құжаттамамен бірге Жоба ЕҚДБ-нің директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылмас бұрын ЕҚДБ-нің қоғамдық ақпарат жөніндегі саясатының қағидаттарына сәйкес кемінде 60 күн мерзімге жарияланатын есептілік топтамасын қалыптастырады. ЭЭӘЮ және қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстардың нәтижелерін жинақы ұсыну үшін, сондай-ақ техникалық емес сипаттағы жаңа түйіндеме жасалды.

WAI мамандары ПМ және ЕҚДБ өкілдерінің қатысуымен Мүдделі тараптарды жұмылдыру жоспарын әзірледі. Жоспардың мақсаты ЭЭӘБ негізгі зерттеулері кезеңінде, ЕҚДБ ЭЭӘБ жөніндегі есебін жариялау уақытында және одан әрі жобаның бүкіл жүзеге асырылуы, оның ішінде кейінгі-ЭЭӘБ бойына және кеніштің жабылуы кезеңінде мүдделі тараптармен кеңестерді жүргізуді және өзара іс-қимылды басқарудан тұрады. Мүдделі тараптарды жұмылдыру жоспарын ПМ жүйелі негізде, кемінде жылына бір рет жаңартып отырады, оған қоса ықпал етуді төмендету шараларының тиімділігіне мониторинг жүргізуге қатысу үшін жол картасы беріледі. Бұл Жоспар ЕҚДБ талаптарына сәйкестендіру мақсатында әзірленді.

Бұл Жоспарда мүдделі тараптарды ықпал етуді басқару мен мониторинг жүргізу үшін деректерді жинауға, ықпал етулерді бағалауға және стратегияларды әзірлеуге қалай жұмылдыру керектігі белгіленген. Құрылыс және пайдалану бойынша алдағы кезеңдер барысында мүдделі тараптарды жұмылдыру жөніндегі іс-шаралар жобаның жұмысы туралы мүдделі тараптарға ақпарат берілуін қамтамасыз етуге және оларды мониторинг жүргізу үдерісіне және ықпал етуді басқаруға жұмылдыруға бағытталған.

1.1 Байланысушы тұлғалар

Мүдделі тараптарға осы Жоспарды қарастыру және сол бойынша кері байланыс жасау ұсынылады. ПМ бұл құжатты барлық мүдделі тараптарға жиналыстардың уақытында (ұйымдастырылатын болады) басып шығарылған күйі, сондай-ақ ЕҚДБ жариялау процесі арқылы (сондай-ақ 6-тарауды қараңыз) ұсынады. Құжат орыс және қазақ тілдерінде қолжетімді болады. Барлық түсініктемелер мен сұрақтар қабылданады және олар төмендегі берілген байланыс деректері бойынша жіберілуі тиіс.

Бейбіт Әскерқанұлы Әскерқанов, жұртшылықпен байланыс жөніндегі жетекші маман

«Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС

Тел.: 8 (72347) -55-3-97 (ішкі 109)
Имейл: OS@bgr.polymetal.ru bodies.

Жергілікті тұрғындардың өздерінің тілектері мен сұрауларын жазбаша түрде баяндап, оларды «БТӨК» ЖШС (№1 БӨП) аумағына кіреберістегі, сондай-ақ Әуезов және Шалабай кенттері әкімдіктерінің ғимараттарында орналасқан кері байланыс жәшіктеріне салу мүмкіндіктері бар. Әуезов кенті әкімдігінің байланыс деректері төменде келтірілген:

Имейл: Akimat.auezov@mail.ru
Мекенжайы: Мир көш., 90 "В"
Тел.: 8(72347) -55-3-57

ПМ жұртшылықпен байланыс жөніндегі ішкі маманы (бұдан әрі - жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман), Альмира Темірбекова, экологиялық бөліммен және декреттік демалыс уақытындағы орынбасары Бейбіт Әскерқанұлы Әскерқановпен (жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман) бірге көпшілікпен мерзімдік консультацияларды және көпшілік тыңдалымдарды өткізеді, сондай-ақ тиісті мүдделі тараптардың дерекқорын жүргізеді. Мүдделі тараптарға ортақ сұрақтарын жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманға не оның декреттік демалыс уақытындағы орынбасарына жолдау ұсынылды, олар бірінші кезекте, шағымдардың, алаңдаушылық білдірулердің және сұрақтардың тіркелуіне жауап береді және бірінші байланысушы тұлға ретінде болады.

1.2 Жобаның тарихы және анықтамалар

Бақыршық алтын шығару кен орнын игеру жобасы нақты анықталған физикалық элементтерден, аспекттері мен объектілерден тұрады, олар жергілікті халыққа экологиялық және әлеуметтік кері ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты, консультациялар процесі онжылдықтар бойына жалғасуда; дегенмен, өзара іс-қимыл БТӨК жергілікті тұрғындарды жұмылдыру және жергілікті және өңірлік мүдделі тараптардың кең шеңберімен консультациялар кезінде тұрақты даму жоспарын әзірлегеннен кейін 2010 жылдан бері жақсарды. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ЭӘБ мақсаттары үшін БТӨК осы Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі болашақ іс-шараларды басқаруға арналған жоспарды пайдаланатын болады. Жобаны дамытудың әр сатыларында консультациялар біртіндеп жақсарды және оларды өткізу жиілігі артты, бұл жобаның тоқтап тұрған уақыты кезеңінің ұзақтығын ескеретін болсақ, әсіресе маңызды болды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың Жобаның және басқа мүдделі тараптардың ықпалына түсіп қалған адамдардың мазалануына себеп болған тәуекелдерді және жобаның ықпал етуін анықтау үшін маңызды мәні бар. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарының мақсаттары үшін бұл адамдар Жобаның экологиялық және әлеуметтік ықпал етуінен болған өзгеріс болуына көнуі мүмкін адам сияқты анықталды. БТӨК ойынша, осы адамдардың көпшілігі кен орнымен жақын немесе оның объектісінде орналасқан елді мекендерде тұратын болады: Әуезов (аумаққа жанасады, Солнечный кентін қоса алғанда), Шалабай (учаскеден 6 км қашықтықта).

ЭӘБ әр түрлі елді мекендер мен жеке тұлғаларға салдары қалай әсер ететіндігін егжей-тегжейлі нақты көрсетеді.



Полиметалл мен БТӨК өкілдері Жобаның әсерін сынайтын адамдармен және басқа да мүдделі тараптармен Жоба туралы ақпарат беру, сұрақтарына жауап беру және олардың түсініктері мен ұсыныстарын есту үшін кездесулер өткізеді және өткізуде.

Осындай адамдармен өткен кездесулерге қосымша ретінде БТӨК жергілікті халықтың және ресми және бейресми әрекет ететін шешім қабылдау механизмдері арасынан лидерлерді анықтады. Қызметкерлер осы лидерлерден түсініктемелер мен сұрақтарын жинастырып, осы ақпаратты жобаны әзірлеу барысында пайдаланды. БТӨК ақпаратты толық ашу жоба тәуекелдерін басқару үшін маңызды құрал болып табылады деп есептейді.

Кеңес беру компания мен Жобаның мүдделі тараптары арасындағы өзара екі жақты іс-қимылды білдіреді. Тиімді кеңес беру Полиметалл мен БТӨК мүдделі тараптардың тәжірибелерін, білімдері мен қауіптенуін пайдаға асыруға, сонымен қатар, олардың күткендерін жаңылысып қалудан және нақты емес талаптардан аулақ болатындай етіп өзінің жауапкершілігі мен ресурстары деңгейін анықтау жолымен басқару үшін мүмкіндік береді. Кеңес беру үдерісі тиімді болуы үшін мүдделі тараптарға Жоба туралы ақпаратты ашып көрсету және түсіндіріп беру қажет және бұл мәселелерді ашып беру үшін оларға уақыт бөлінгені дұрыс. Кеңес беруге жергілікті халықтың, оның ішінде әйелдер мен еркектерге қатысты әр түрлі әлеуетті сегменттер жатады; және ол халықтың қорғалмаған және әлсіз топтары үшін қолжетімді болуы тиіс.

2 САЯСАТ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚТЫҢ СӘЙКЕС ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАСЫ

2.1 Қазақстан Республикасының Заңнамасы

ҚОӘБ бойынша заңнама мүдделі тұлғалармен қарым -қатынаста өзара әрекеттестік талаптарын қарастырады. Ақпаратты ашу және тарату, қоғаммен кеңес сияқты, қазақстандық акттердің бөлігі болып табылады. БТӨК барлық қоғамдық тыңдалымдарды құжаттандырады. Келесі заңнамалық актілер Қазақстандық жобалдарғы шешім қабылдауға қоғамдық қатысатындар қатарына жатады:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 09.01.2007 жылдан N 212-III (17.07.2009 жылдан өзгерістермен);
2. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007ж. №204-п бұйрығымен бекітілген жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп, отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу бойынша нұсқаулығы;
3. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 07.05.2007 ж. №135 мамырдағы бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдауларды жүргізудің ережелері;
4. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 25.07.2007ж. № 238-п бұйрығымен бекітілген Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесі;
5. Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе

олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарастыру кезінде жария тыңдауларды өткізу туралы ережелер. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.04.2003ж. № 376 қаулысымен бекітілген.

Осындай қолданыстағы заңнамалық жүйе басқару қағидаларын жұртшылықты кеңес беру үшін және шешім қабылдау кезінде қатысуды қамтамасыз етеді, алайда осындай қызметтің ауқымы ұсынылып отырған жобаның түрі мен ауқымына және қоғамдық қызығушылық дәрежесіне байланысты болады.

Қазақстан Орхус конвенциясының ратификациялау кезіндегі, Еуропа Одағының экологиялық ақпараттарға және шешім қабылдау кезінде қоғамның қатысу мүмкіндігі туралы негізгі талаптарына бағдар жасайды. Орхус конвенциясы 2002 жылы қаңтарда ратификацияланған және негізгі үш ауданға назар аударады:

- Ақпаратқа қол жетімділік: қоғам ақпаратқа сұраныс жасап оны ала алатын жүйе бар екендігіне кепілдік береді, бұл саналы қатысуды қамтамасыз етеді;
- Қоғамның қатысуы: қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін қызметтер туралы шешім қабылдаудың алдында қоғамның қатысуын қарастырады;
- Әділ сотқа қол жетімділік: қоғамның құқықтық механизмдерінің барына кепілдік береді, ақпаратқа қол жетімділікті бұзушылықтар орын алғанда және қоғамның қатысу жағдайын сараптамаға салатын мүмкіндігі бар.

Орхус конвенциясы халықаралық стандарттардан әділ сотқа ашылу, қатысу және қол жетімділік жоба демеушілеріне емес, қабылдайтын елдің билігіне берілетіндігі негізінде ерекшеленеді. Дегенмен, егер жоба демеушісі экологиялық және әлеуметтік салдарларды қатысты барлық ақпаратты толық ашатын болса, Билік өкілдері Конвенцияның талаптарын ғана орындай алады. Орхус конвенциясының талаптары халықаралық стандарттарды енгізу арқылы орындалды және артығымен орындалды.

2.2 Жергілікті тұрғындарға қатысты ПМ саясаты

БТӨК әлеуметтік ұжымдық жауапкершілікті өздерінің аса маңызды ұжымдық басымдығының бірі ретінде мойындайды және жергілікті елді мекендерді және салаларды, өмір деңгейін жоғарылату арқылы және өздерінің бастамалары арқылы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік балансты қолдай отырып, ұзақ мерзімді дамытуға талпынады. Қазіргі уақытта Жергілікті тұрғындарға қатысты БТӨК (ПМ) саясаты 2010 жылдың қыркүйегінде әзірленген жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимыл жоспарында және Тұрақты дамыту жоспарында көрсетілген.

Компания бірегей мәдениеттер, өмір салты және мұрасы бар ортада жұмыс істейтіндігін түсінеді және жергілікті елді мекенді өзара әрекеттестікте сыйластық, өзара әрекеттестік кезінде толық ашықтықпен басқарады.

2.3 Халықаралық стандарттар

2.3.1 ЕҚДБ 10IT Ақпаратты жариялау және мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік

ЕҚДБ IT қатысты озат тәжірибе талаптарына сай жобаның басшылығы (ПМ) алдын ала, уақтылы және тұрақты өзара іс-қимыл арқылы мүдделі тараптар арасында өзара сенім мен құрметтен тұрғызылған жақсы өзара қарым-қатынасты дамытуы тиіс. Бұл жобаға мүдделі тараптарды жұмылдыру және қатыстыру дәрежесін арттыруға талпынысты талап етеді. Алға қойған міндетке ақпаратты мүдделі тараптар арасында ашық түрде кеңінен тарату және мүдделі тараптарға, сұрақтар қою және Жобаның құрылысы сатысынан бастап пайдалану сатысына дейін дамуы туралы ақпаратты алу мүмкіндігін қоса алғанда, жобаның әртүрлі аспектілерін үнемі талқылау үшін мүмкіндіктер беру арқылы қол жеткізілетін болады. Бұған шағымдарды қарастырудың ресми рәсімін құру кіреді, ол осы сәтте Жобада тиімді қолданылып жатыр, дегенмен, рәсімнің сақталуының тұрақты мониторингіленуін қажет етеді.

ЕҚДБ 10IT сәйкес Мүдделі тараптарды жұмылдыру жоспарын әзірлеу және енгізу процесінде Жобаға қызыққан мүдделі барлық тараптар анықталуы тиіс. Осы ТҰ мақсаты мыналар болып табылады:

- тапсырыс берушілерге мүдделі тараптармен, атап айтқанда жоба қозғайтын тұрғындармен сындарлы қатынастарды жолға қойып, ұстануға мүмкіндік беретін мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға деген жүйелі көзқарасын білдіру.
- жобаның мүдделі тараптарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау арқылы тапсырыс берушілердің қызметінің өте жоғары экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал ету.
- жобаның бүкіл циклі бойына тұрғындардың қатысатын топтарымен оларға әлеуетті әсер етуі мүмкін мәселелер бойынша жеткілікті өзара іс-қимылға жәрдемдесу және оның тәсілдерін ұсыну және жобаның мүдделі тараптарына маңызды экологиялық және әлеуметтік ақпараттың ашылуын қамтамасыз ету.
- тұрғындардың қатысатын топтары және басқа да мүдделі тараптардың шағымдарының дұрыс қаралуын және оларға ден қоюды қамтамасыз ету.

Қазақстандық ұлттық талаптарға толық сәйкестік ЕҚДБ талаптарын іске асыру, сонымен қатар ҚОӘБ (ҚОӘБ) туралы заңға сәйкес қажет болған жағдайда көпшілік тыңдалымдарды ұйымдастыру есебінен орындалатын болады.

3 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН БҰРЫНҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛҒА ШОЛУ

Осы тарау мүдделі тараптармен өткен қысқаша өзара іс-қимылды көрсетіп беруге мақсатталған, сонымен қатар өткізілген кеңестерге көтерілген бірнеше негізгі сұрақтарды, проблемалар мен мәселелерді бөліп көрсету.

3.1 Ашылуға жататын ақпараттар

БТӨК мүдделі тұлғаларға тұрақты негізде қоғамдық тыңдалымдар өткізілгенге дейін ақпарат ұсынып отыруға тырысады. Ақпаратты ашу бойынша негізгі шаралар келесіден тұрады ЭӘБ және ЭӘБ дайындау кезіндегі ұсынылған ақпараттар мен есептер:

- 2011 жылы ұсынылған ҚОӘБ есептер бойынша қоғамдық тыңдалымдар;
- 2011 жылы ұсынылған ҚОӘБ ERM есептер бойынша қоғамдық тыңдалымдар;
- 2013 жылы 27-нен 30 мамыр аралығында WAI және БТӨК өткізілген, жобаның алдын ала экономикалық бағалау және ҚОӘБ тұжырымдамасын ұсыну (Әуезов – 27 мамыр 2013ж; Шалабай – 27 мамыр 2013ж; мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер 28 мамыр 2013ж.; 29 мамыр Қалбатаудағы кездесулер; 31 мамыр ЮНИСЕФ-пен кездесулер). Осы кездесулер туралы қосымша ақпаратты алу үшін 1 «Жобаны алдын ала экономикалық бағалау» қосымшасына назар аударыңыз.

Жоғарыда аталып өткен шараларда қолданылған құжаттар, жобалауды бастау қабырғасында жобаның алдын ала ақпаратынан және бар кеннің кеңеюі бойынша рұқсатты сатылардан тұрады. Олар ЭӘБ және ТЭН-нің жүру мөлшері бойынша біртіндеп жаңартылатын болады. Жоба туралы, әсерлер және әсерлерді жеңілдету жөніндегі шаралар туралы толық ақпарат ЭӘБ-да ұсынылатын болады, ақпаратты ашу 2015 жылы күтілуде.

Барлық құжаттардың көшірмелері қаралып, мыналар арқылы алынуы мүмкін:

- БТӨК кеңселері Бақыршық кен орында және Алматыда;
- Қоғаммен байланыс бойынша маманнан.

Мүдделі тараптар, ықтимал әсерлер және жұмсарту бойынша шаралар өзгергендігін ескеруі тиіс, себебі жоба және әсерді бағалау толықтырылды. Бар ЭӘБ келесі қажетті жаңарулары үшін және жобаның қайта қарастырылған көлемін ескере отыра ерекше өзекті болып табылады. Бұл өзгерістер енгізу жоспарымен және басқарумен, жүйелі түрде жаңарып отыратын ЭӘБ-ға қосымша ЭӘБ құжаттарына анықталатын болады.

3.2 Бүгінгі күні мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша өткізілетін шаралар

Бақыршық жобасы үшін мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бірнеше онжылдықтар бойына жалғасып келеді, алайда 2010-нан, біртіндеп қалыптасып келеді. Әсер етудің ресми

бағалануы, кеңестер байланысты, 2011 жылы ЭӘӘБ үрдісінің бір бөлігі ретінде өткізілді және Әуезовте жен Шарда өткізілген хаттамаланатын кездесулерді қосақанда. Өзара әрекеттестік бойынша кезеңдік шаралар жергілікті елді мекенде қазіргі уақытта Әуезов тұрғындарымен өткізілуде, олар негізінен экологиялық мониторингке шоғырланған, сонымен қатар БТӨК-тен шыққан кез келген әсерлер. Олар, егер нақты шағымдар немесе мәселелер тұрғындармен аса жиі талқылауды талап етпесе, әдетте, ай сайын өткізіледі.

Ресми отырыстар мен тыңдалымдарға қосымша ретінде, Әуезовтің жергілікті тұрғындарымен жақсы байланыс орнататын қоғаммен байланыс маманы, жүйелі түрде бейресми кездесулер және жеке тұлғалармен және топтар тұлғаларымен кездесулер өткізіп тұрады. Осы өзара қатынас механизмдері қазіргі уақытта, қызығушы тараптармен немесе кез келген басқа құжаттармен ортақ өзара қатынас жоспарына басшылық етпейді, маманның уақытының болуы және өзіндік бастамасымен реттеледі.

WAI дайындалған алдын ала экономикалық бағалау үшін кеңестер және қатысулар кеннің орналасқан жоспарында қайта қарастырылуға негізделген (мамыр 2013), мынадан тұрады:

- Ашық бөлме отырысы (Әуезов және Шалабай);
- Ресми қоғамдық тыңдалымдар (Әуезов және Шалабай);
- Қызығушы тараптардың кең ауқымды өкілдерімен оның ішінде: Әуезов және Шалабай ауылдарының жергілікті әкімдері, соғыс ардагерлері кеңесі өкілдері, Әуезов жастар ісі жөніндегі кеңесі, Шалабай соғыс ардагерлерінің кеңесі, әйелдер кеңесінің (Шалабай) жетекшісі, "Келешек - будущее" (Шалабай) Жастар кеңесінің жетекшісі, Жарма өңірлік мәслихаты өкілдері, Қазақстандағы ЮНИСЕФ және Жарма ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария департаментінің кәсіпорындарымен жартылай-құрылымдық әңгімелесулер.

Төменірек кес. 3.1-де мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік бойынша 2013 жылы аладын ала экономикалық бағалау есебі үшін өткізілген негізгі шаралар көрсетілген:

кес. 3.1: Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша өткізілетін шаралар және кеңестік шаралар

| Күні | Елді мекен | Іс-шара |
|----------|--|--|
| 01/02/11 | Шар-БТӨК (бас директор, тұрақты даму бойынша кеңесші, ERM) және жергілікті тұрғындар мүшелері, әскерилер және әкімшілік өкілдері (шамамен 17 адам) | Жоба жоспарлары, экологиялық және әлеуметтік әсер етудің салдарын жұмсарту бойынша шаралар, жергілікті тұрғындарды жалдау жоларын ұсыну. |
| 02/02/11 | Әуезов-БТӨК (бас директор, тұрақты даму бойынша кеңесші, ERM) және жергілікті тұрғындар өкілдері, әскерилер және әкімшілік өкілдері (БТӨК-та жұмыс істемейтін шамамен 29 адам) | Жоба жоспарлары, экологиялық және әлеуметтік әсер етудің салдарын жұмсарту бойынша шаралар, жергілікті тұрғындарды жалдау жоларын ұсыну. |
| 02/02/11 | Әуезов-БТӨК (бас директор, тұрақты даму бойынша кеңесші, ERM) және жергілікті тұрғындар өкілдері, (шамамен 50 адам) | Жоба жоспарлары, экологиялық және әлеуметтік әсер етудің салдарын жұмсарту бойынша шаралар, жергілікті тұрғындарды |

кес. 3.1: Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша өткізілетін шаралар және кеңестік шаралар

| Күні | Елді мекен | Іс-шара |
|------------|---|---|
| 10/02/11 | Шалабай-БТӨК (бас директор, тұрақты даму бойынша кеңесші, ERM) және жергілікті тұрғындар өкілдері, (шамамен 50 адам) | жалдау жоларын ұсыну. Жоба жоспарлары, экологиялық және әлеуметтік әсер етудің салдарын жұмсарту бойынша шаралар, жергілікті тұрғындарды жалдау жоларын ұсыну. |
| Мамыр 2013 | Жергілікті тұрғындар өкілдері - WAI және БТӨК 2013 жылдың 27-нен 30 мамырында өткізілді (Әуезов – 27 мамыр 2013ж; Шалабай – 27 мамыр 2013ж; мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер 28 мамыр 2013ж.; 29 мамыр Қалбатаудағы кездесулер; 31 мамыр ЮНИСЕФ-пен кездесулер). 1Қосымшаға назар аударыңыз, осы кездесулер туралы қосымша ақпаратты алу үшін Жобаны алдын ала экономикалық бағалау. | Алдын ала экономикалық бағалау негіздемесі және ОЭВЖ тұжырымдамасын ұсыну. |

ЭЭӘБ әлеуметтік аспектісі бойынша мүдделі тараптармен кеңестер және өзара әрекеттестік 2015 жылдың маусым-шілдесінде жергілікті деңгейде Әуезов ауылында және облыстық деңгейде Өскемен қаласында өтті. Көп ретте келесі мүдделі тұлғалар сұралды:

- Шығыс-Қазақстандық аймақтық (облыстық) – Өскемендегі деңгей:
 - Облыс әкімдігінің өкілдері;
 - Шығыс-Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің өкілдері;
 - Аймақтың мәдени мұрасы бөлімінің өкілдері;
- Қалбатаудағы Жарма аудандық деңгейі:
 - Қалбатау ауруханасының басшысы;
 - Ауданның бас экономисті;
 - Аудан әкімдігінің координаторы;
 - Археологиялық экспедиция – қола дәуірінің жартастағы суреттерін зерттеуге арналған;
- Әуезов кентінің мүдделі тараптары:
 - Ауыл әкімі
 - Әуезов кенті мешітінің өкілдері, соның ішінде имам;
 - Дүкендер мен супермаркеттердің иелері;
 - Аспазшылар және жергілікті мейрамханалар мен кафелердің өкілдері;
 - Ауылдың ақсақалдары;
 - Жергілікті өзендер мен көлдерден балық аулаумен айналысатын балықшылар;
 - Жергілікті малды бағатын бақташылар;
 - Басты кітапханашы;
 - Әйелдер бірлестігінің өкілдері;
 - Жергілікті мектептің директоры;
 - Полицейлік;

- Жобаны әзірлеу нәтижесінде қоныс аударған тұрғындар;
- Әуезов және Солнечный кентілерінің тұрғындары, соның ішінде отбасыларға құрылымдық сауалнама өткізу арқылы;
- Жеке және өнеркәсіптік су пайдаланушылары;
- Шалабай кентісінің мүдделі тараптары:
 - Ауыл әкімі
 - Дүкендер мен супермаркеттердің иелері;
 - «Шалабай» ЖШС-тің жетекшісі, ірі ферма мен негізгі жергілікті жұмыс беруші;
 - Жергілікті мектептің директоры;
 - Жобаны қамтамасыз ету үшін салынған Шалабай темір жол бекетінің жұмысшылары;
 - Жеке және өнеркәсіптік су пайдаланушылары;
 - Әуезов және Солнечный кентілерінің тұрғындары, соның ішінде отбасыларға құрылымдық сауалнама өткізу арқылы;
- Жаңаауыл кентісінің мүдделі тараптары:
 - Аңшылық пен балық аулаумен айналысатын тұрғындар;
 - Жергілікті фермерлер;
 - Жеке және ауылшаруашылық су пайдаланушылары;
- «Полиметалл» компаниясы мен БГП қызметшілері:
 - Жобаның жетекшісі;
 - Қауіпсіздік қызметінің жетекшісі;
 - Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы облысындағы маман;
 - Заңгерлер;
 - Кадрлар бойынша мамандар;
 - Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің өкілдері;
 - Техникалық бөлім мен өндіріс бөлімінің жетекшісі;
 - Жергілікті халықпен байланыс жасау бойынша маман;
 - Жер пайдалану және жер қойнауы бөлімінің өкілдері.

Полиметалл 2014 жылдың тамызында «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» тақырыбында қоғамдық техникалық-экономикалық негіздемелер нәтижелері негізінде Бақыршық кен орнының параметрлерін өңдеуге негізде құрастырылған тыңдалымдар өткізді (ҚОӘБ-алдындағы кезең). ТЭН және ҚОӘБ алды бойынша есептер ашық және жер асты өндіру, инфрақұрылым және кенді қайта өңдеу бойынша шешімдерден тұрады.

2015 жылы шілдеде ҚР заңнамасына сәйкес орындалған «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бойынша тыңдалымдар өткізілді. Қазіргі кезде ҚОӘБ бойынша есеп қоғамдық кеңес сериясынан өтуде.

2015 ж. желтоқсанында WAI мен ПМ басшылығымен ЭӘӘБ нәтижелері жөнінде көпшілік тыңдалымдар өткізілді (өткізілген тыңдалымдар жөніндегі ақпаратты А қосымшасынан

қараңыз). Барлық қоғамдық тыңдалымдардың, соңғыларын қоса алғанда хаттамалары жалпыға қол жетімді және БТӨК сұранысы бойынша ұсынылады. Компания, барлық келесі деңгейлерде: ақпараттық кездесулер немесе жоба бойынша кездесулер, қоғаммен ж.т.б. кездесулер, қызығушы тараптармен барлық кездесулерді бақылап отыратын, қызығушы тараптармен қарым-қатынас журналын жасап шығарып, падалануда. Бұл, қызығушы тараптармен өзара қатынасты басқару жүйесі, қызығушы тараптармен өзара қатынас жиілігін көрсете отырып және нақты адамдармен көтерілген қатысушылар мәселелері немесе сұрақтар жазбасына ие бола тұра, барлық кездесулердің жасанды есебін жасап отыруға мүмкіндік береді. Бұл құжаттама БТӨК-ке компанияның барлық көтерілген сұрақ-жауабына салыстырмалы болып келетін, сұрақ-жауап бойынша есеп құруға көмектеседі.

Полиметаллдың көпшілікті тыңдалымдар үшін мына процедуралардан тұрады:

- Жергілікті БАҚ-да қоғамдық тыңдалымдар қазақ және орыс тілдерінде өтетіндігі туралы жарнама орналастыру, сонымен қатар жергілікті атқару органдарының интернет-сайттарында ақпарат орналастыру. Түсіндірмелер мен сұрақтар әрбір хабарламамен бірге ұсынылуы мүмкін;
- Жергілікті әкімшілік органдарының сайттарында ҚОӘБ мазмұнын дайындау, жариялау және ұсыну. Түсіндірмелер мен сұрақтар әрбір хабарламамен бірге ұсынылуы мүмкін;
- Қажет болған жағдайда қоғамдық тыңдалымдар нәтижесінің ұсыныстар мен ескертпелеріне сәйкес түзетулер енгізу;
- ҚОӘБ өзінің есебінде қорытынды хаттама мен тыңдалымдар нәтижесін орналастыру.

3.3 Мүдделі тараптардың негізгі проблемалары

Төменде мүдделі тараптардың жергілікті тұрғындармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік кезінде көтерілген, неғұрлым кең тараған проблемалары көрсетілген. Берілген жауаптар отырыстар хаттамаарында тізімделген және учаскіге бару кезінде өткізілген WAI әңгімелесу барысында ұсынылған. Алдын ала экономикалық бағалау кезінде кеңес өткізілен мүдделі тараптар, құрылыс жобасының, пайдаланудың және жабылудың қоршаған ортаға кері әсерін неғұрлым көбірек төмендету қажеттілігін басып айтты. Көптеген мүдделі тұлғалармен ашықтық және әлеуметтік жауапкершілік Полиметалл және БТӨК жұмыстарының негізгі құндылықтары екендігін аталып өтілді. Алдын ала экономикалық бағалауда жобаны дамытуға қатысты мүдделі тараптардан жағымды мақтаулар анықталды және барлық мүдделі тараптар өздерінің қызғушылықтарын және алдағы оқиғаларға қатысуға дайын екендіктерін көрсетті және олар жоба туралы жағаруларды алып тұрғылары келетіндіктерін растады. Мүдделі тараптардың негізгі алаңдатушылықтары кес. 3.2 төменде келтірілген:

кес. 3.2: Мүдделі тараптардың Жобаны меңгеруге қатысты негізгі алаңдаушылықтары

Ауа сапасы

Ауаға шығарындыларының ұлғаюы туралы жалпы алаңдаушылық.

Су

Егер судың сапасы мен балансына жағымсыз әсер етсе, ол судың толық болуын шектей ме? Көбінесе ол, Қызыл судан өнеркәсіптік тоғанға қатысты, судың жеткіліктілігіне байланысты.

Биоалуантүрлілік

Флора және фаунаны қорғауға қатысты жалпы алаңдатушылықтар.

Топырақ

Топырақ сапасына жағымсыз әсер етуге қатысты алаңдатушылықтар.

Цианидпен басқару

Цианидты қолданатын жерлердегі топырақ сапасы мен халықтың денсаулығы туралы алаңдатушылықтар.

Денсаулық

Жалғанған тұрғылықты орындарға денсаулық қорғау бойынша шаралармен байланысты қауіптенулер. Күшәнды лақтыру мәселелері.

Тұрғындарды дамыту

БТӨК, жергілікті халықты қалай қолдау көрсететіні жайлы оның ішінде, жедел көмекті қаржыландыру және/немесе қалдықтарды жою бойынша жергілікті халықты дамыту бағдарламаларын қаржыландыру сұрақтарында сұрады.

Жобаның экономикалық өмірге қабілеттілігі

Жергілікті тұрғындар бұрын егер алтынның бағасы құлдырап кеткен кезде, жобаның экономикалық мақсаттылығы туралы сұрақтар қойған. Жергілікті тұрғындар жобаны жүзеге асырудан салықтық түсімдер туралы және жобаны кім қаржыландыратыны туралы сұрады.

Кенді қайта өңдеу тәсілдері

Кен орнын пайдалануға қайта енгізудің бұрынғы мүмкіндіктері іске аспады және жергілікті тұрғындар, бұрын пайдаланылған және жоспарланушы келешекті әдістерді өңдеу әдістері туралы сұрақтар қойды.

Жайылымдық жерлер

Жергілікті бақташылар үшін жайылымдардың қол жетімділігі туралы, жерлер кен орындарына тартып алынады қауіптенулер бар екендігі айтылды (көп ретте, су қоймасы қасындағы жерлер) контекстте жайылымдық жерлер.

Жергілікті ресурстарды қолдану және жұмыс орындарын беру

Жергілікті тұрғындар жаңа жобаның ауқымдылығын ескере отыра, жұмыс орындарының болуы және оқыту мүмкіндігі туралы және олар жұмысқа орналасу үшін қалай арзы бере алатындығы туралы сұрақтар қойды.

4 ӘЛЕУМЕТТІК ИНВИСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

БТӨК және Полиметалл саясатында жергілікті деңгейдегі жобаларға қолдау көрсет мақсаты қойылған, ол тұрақты түрде жергілікті тұрғындардың өмірін тәуелділікке түрдырмай жақсартады. Бұл БТӨК және жергілікті тұрғындар арасында пайда және шығындар туралы келісімді қолдану арқылы жүзеге асады. Жоба оператор- компанияның саясаты қазіргі уақытта кен орнына іргелес болып орналасқан жергілікті тұрғындарды Әуезов ауылын дамытуға бағытталған. БТӨК міндетті лицензиялық талаптарды арқылы және ерікті негізде бірқатар бағдарламалар қолдайды. БТӨК Әуезов тұрғындарына толық функционалды «қызмет бөлімі» арқылы негізгі қызмет түрлерін ұсынады, ол кен үшін де, Әуезов кенті үшін де азаматтық инфрақұрылым үшін жауап береді. Бұған тазартылған ауыз су, жылу, электр және ағынды суларды тазарту кіреді. Бұл БТӨК қызмет көрсетуінің облыстық билік органдарымен келісулеріне негізделген. Тарифтер БТӨК-пен есептеледі және табиғи монополия нормаларымен рұқсат етілген (АРЕМ). БТӨК ұсынып отырған коммуналдық қызметтерге жергілікті тұрғындармен қайта байланыс көбіне жақсы, алайда бұрын мүлдем ақысыз болған қызметтерге ақы төлеу керек болады деген қауіптері бар, мысалы бақшаны суаруға арналған су.

БТӨК-тің Әуезов Әкімшілігімен өзара түсіністік туралы меморандумы бар (МОВ). ӨТМ БТӨК-тің жергілікті тұрғындарды дамыту жобасына байланысты анықтаулар мен үлесі, жалдама және қысқартуларды қамтиды. Ол сонымен қатар, БТӨК сондай-ақ әкімшіліктер сұрақтар мен проблемаларды көтера алатын шағымдарды беру және қарастыру механизмдеріне сілтемені қамтиды. 2014 жылы БТӨК Меморандум аясында 18 млн тенге бөлді.

БТӨК жергілікті тұрғындарды дамыту және әлеуметтік дамыту бойынша бірқатар шараларды қолдады, соның ішінде Жарма ауданымен әлеуметтік және экономикалық серіктестік меморандумы, 2015 жылы ақпанда бірнеше кәсіпорындармен қол қойылған.

- Жаңа қалдықтар полигонын салуға ат салысу;
- Әлеуметтік қызмет көрсетуді жалғастыру және қолдау, облыстың ауылдық аудандарында балалық шақты қорғау жүйесін жақсарту, Лекотека әлеуметтік бағдарламасы;
- Бақыршық мемлекеттік мектебі үшін спорттық керек- жарақтарды сатып алу (баскетбол, футбол және волейбол ойын доптары);
- Кенттің басты жолдарын және Бақыршық мемлекеттік мектебіне баратын жолдарды қажет болған жағдайда тазарту;
- Әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыру кезінде, мерекелер мен шараларды ұйымдастыруда әкімшілікке қаржылай көмек көрсету;
- Әуезовтегі жергілікті аурухананы жанармаймен қамту;
- Кентке шамдар сатып алу;
- 4, 5, 6 және А Блогының 8, 9, 10, 11 үйлері ауласында балалар алаңдарын алу және орналастыру;

- Мешітті ақысыз ауыз сумен, кәрізбен, электрмен және жылумен қамтамасыз ету;
- Қажет болған жағдайда қаладағы басты жолдарда шаң басумен қамтамасыз ету;
- Ауылдың ҰОС ардагерлеріне, кіріс төмен отбасыларына және зейнеткерлерге жергілікті газетті алып беру үшін жергілікті газетке жазылу және сатып алып тұру;
- 4, 5, 6 және А Блогының 8, 9, 10, 11 үйлері үшін жарықтандыруды орнату;
- Компанияға алдын ала берілген арыз негізінде мектеп оқушыларын білім және спорттық шараларға бару үшін жанармаймен қамтамасыз ету;
- Спорттық жарыстарда және мәдениет шараларына қатысу үшін компанияға алдын ала берілген арыз және жазбаша растау негізінде жанармаймен қамтамасыз ету;
- Жергілікті ауруханада балалар палатасына қажетті жиһаз бен қажетті жабдықтарды алуға қаржылық қолдау көрсету;
- Туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларға жаға жылдық тәттілер сатып алу;
- Арман жастар орталығында дәретханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Бақыршық мектеп түлектері үшін (33 адам) ауылда отырғызу үшін ағаш көшеттерімен қамтамасыз ету.

ӨТМ алушылар тарапынан ұлттық заңдарды сақтау мақсатында және алаяқтық пен жемқорлықты болдырмау үшін ең жақсы халықаралық тәжірибеге қатысты есеп механизмін қарастырады.

5 ЖОБАНЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫ

